

ӘОЖ 070

А.С. Санаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
E-mail: sanaeva\_88@mail.ru

**БАҚ сананы манипуляциялау құралы**

Бұл мақалада БАҚ -тағы сананы манипуляциялау тәсілдері мен түрлері көрсетілген. Манипуляциядан қорғану жолдары жазылған. Коммуникация технологияларының ішіндегі манипуляциялау БАҚ-та кеңінен таралған. Әрқайсысына жеке тоқталып, салыстырмалы түрде қарастырылған.

Жаһандану үдерісіндегі «Ақпараттық соғыс» құралы ретінде манипуляцияның рөлі анықталған.

**Түйін сөздер:** сананы манипуляциялау, БАҚ, коммуникация технологиялары, ақпараттық соғыс.

A.S. Sanayeva

**Media is as a manipulation of human consciousness**

In English: There are Methods and types of manipulation of human consciousness in Media. Safeguarding methods of manipulation. Among technologies, the communication is widespread for manipulation in Media. Each one has been examined separately and in comparison.

In process of the globalization, the role of manipulation has been found out as a mean in "Information warfare".

**Key words:** manipulation of human consciousness, Media, technology of communication, Information warfare.

А.С. Санаева

**СМИ как средство манипулирования сознанием**

В статье рассматриваются приёмы и виды манипулирования сознанием в СМИ. А также анализированы методы защиты от манипуляции. Среди коммуникационных технологий одним из важных и широко распространенных в СМИ является манипуляция.

Автор подчеркивает роль манипуляции в процессе глобализации как одно из средств в «Информационной войне».

**Ключевые слова:** манипулирование сознанием, СМИ, технология коммуникации, информационная война.

Қазіргі таңда БАҚ-ты көпшіліктің пікірін өзгертуші құрал ретінде пайдалану кеңінен етек алуда. Оның түрлі тәсілдері мен әдістері де уақытпен жарыса өзгеріп келеді. Жаһандану үдерісіндегі жаңалықтардың бірі – сананы манипуляциялау. БАҚ-та үшінші дүниежүзілік соғыс ретінде саналып жүрген «Ақпараттық соғыспен» өте тығыз байланысты. Яғни «Ақпараттық соғыстың» қаруы десек те болады.

Сананы манипуляциялау адамдардың иллюзиясы мен жүріп-тұруын қадағалау нәтижесінде жүзеге асады. Бұл әдіс адамның психикасының құрылымына бағытталып, астыртын өз талаптарын қойып, пікірлері мен бағыттарын өзгертуге мүмкіндік жасайды [1].

С.Г. Кара Мурзаның монографиясында ма-

нипуляция жеке тұлғаның жәбірленуі, яғни адам әрдайым білім алуға, тәжірибе жинауға, материалдық жағдайын жақсартуға, психологиялық ыңғайлылыққа сеніммен қарайды, ал жәбірлеу ол «сенгісі келетін өтіріктерге» үміттену деп көрсетілген [2].

Оксфордтық сөздікте манипуляция ағылшын тілінен «адамдарға ептілікпен әрекет немесе басшылық ету деген мағынада көрсетілген. Әсіресе немқұрайлы астыртын сөздердің басқаруы және өңдеуі» деп аударған [3].


1969 жылы Нью-Йоркте басылып шыққан «Қазіргі социологиялық сөздікте» манипуляцияны «басшылықтың өз мақсатының бағытын көрсетпей, басқаларға ойындағы нәтижеге жету негізінде әсер ету» деп анықтаған [4].

Бүгінгі таңда манипуляциялау бір ауыздан ақыл ойға ақпаратты пішіні мен мазмұнын арнайы жасақтап енгізу болып келісілген секілді. Айналамыздың барлығы санаға әсер етіп жатқан ақпараттардан тұрғандықтан, ойымыз да, іс әрекеттеріміз де, жүріс тұрыстарымыз да бір басшылыққа тәуелді. Оған себеп – БАҚ. Теледидар, радио, интернет, газет журналдардың атқаратын қызметі де манипуляциялау болып отыр.

Адамның ақыл-ойы мен іс-әрекетін басқаруда көптеген ықпал түрлері бар. Оның бірі теория

және технология деп аталады. Оған симметриялы емес коммуникациялық тәсілді жатқызамыз. Яғни коммуникациядағы қатысушының бірі мазмұны мен байланыс әдісін анықтайды, ал екіншісі оған бағынады. Сол себептен мұны репрессивті деп атайды. Келесі тәсіл симметриялы, яғни екі жақтың да тең құқылы екендігін көрсетеді. Мұндай коммуникацияны диалог түрінде немесе гуманитарлы деп атаймыз. Осындай екі тәсілден мынадай сызба жасап, бірнеше топқа бөлуге болады.

Коммуникация технологиясы.



Біз соның ішінде қара коммуникация технологиясы – манипуляцияны қарастырамыз. Себебі бұл технология жарнамада, мерзімді баспасөздерде, интернетте кеңінен қолданыста [5].

Көптеген манипуляцияны сараптау нәтижелерінде ең басты ерекшеліктері мыналар болып келеді.

Біріншіден, манипуляция процесі асимметриялы: әсер етуші және әсер алушы жағы болады. Көп жағдайда санасын улау барысында адамдарға тұлға ретінде емес, зат секілді қаралады.

Екіншіден, бұл тәсіл санамен, психологиялық іс-әрекеттермен байланысты. Манипулятордың нысанасы адам психикасының құрылымы.

Үшіншіден, манипуляция бұл жасырын іс-әрекет, шындық белгіленген нысанға аян болмауы тиіс.

Төртіншіден, бұл ықпал жасау әрекеті ептілік пен білімді қажет етеді. Егер қоғам санасына, саясатқа қатысты әңгіме болатын болса, онда шарт бойынша мамандарды немесе арнайы білім жүйесін қолданады. Қоғам санасын манипуляциялау үшін технологиялар, профессионалды жұмысшылар, сол техниканы жетік меңгерген

мамандар пайда болды. Кадр даярлау, ғылыми мекемелер, ғылыми әдебиеттер жүйесі қолға алынды.

Бесіншіден, кез келген қоғамды манипуляциялау ақпаратпен өзара әрекеттескен өнім. Манипуляциялаушы бізге хабарды мәтін немесе амал ретінде жібере отырып, белгі береді. Сол белгілерді контекстке ыңғайлай отырып, контекстке қатысты ойымызды да өзгертеміз. Ол бізге мәтіні мен амалының байланысын шынайылықпен ойға түсіртіп, пайымдап, болып жатқан іс-әрекетке қатысты ойымыздың өзіне ыңғайлы бұрмалауын қамтамасыз етеді. Бұл біздің іс-әрекетімізге әсер етеді де, бірақ өзіміздің дұрыс шешім қабылдап жатқанымыздай күй кешуімізге әкеліп соқтырады. Басқаша айтқанда манипулятор құрбаны болып соавтор, серіктес болғандар саналады. Егер адам түскен хабар арқылы өзінің көзқарасын, ойын, нысанын өзгертіп, жаңа бағдарлама арқылы әрекет ете бастаса, манипуляцияның жүзеге асқаны [2].

БАҚ-тағы манипуляцияның әсер ету технологиясын қарастыра болсақ:

Газет журналдар. Көптеген зерттеулер нәтижесінде адам жазбаша түрде берілген ақпаратты жақсы қабылдайды екен. Бұл дегеніміз оқыған ақпаратын қайта оқуға, оны саралап, талдауға мүмкіндігі бар деген сөз. [www.brandmedia.ru](http://www.brandmedia.ru) сайтындағы мәлімет аудиоқабылдау зейіні – 15%, көру арқылы қабылдау 75%-ды құрайды деп көрсеткен. Аудиторияға ақпарат тарату жағынан мерзімді баспасөз телеарнадан кейінгі орынды алады.

Ең бірінші, әрине, оқырман суретке назар аударуы мүмкін. Журналист саясаткерді жақсы немесе жаман жағынан көрсеткісі келсе, соған сәйкес сурет таңдап алады. Ол оқырманға сол саясаткер жөнінде керекті нәтижеде әсер етіп, санасына әсер етеді.

Екіншіден, суретке әсерлі комментарий жазылуы тиіс.

Үшіншіден, авторға керекті контексттен алынған үзінділер мен цитаталар.

Төртіншіден, мазмұнына сәйкес тақырыптың басқа түсте, үлкен қаріппен берілуі.

Бесіншіден, газеттің құрылымы мен жолдарында берілетін мақаланың мазмұнын анықтап жазу.

Радио. БАҚ-тағы каналдармен үлкен бәсекелестікпен күресіп келе жатса да, радио әлі күнге дейін өз құндылықтарын жойған

емес. В.В. Ворошиловтың еңбегінде радионың құндылықтарына былайша тоқталған екен:

БАҚ-тың ішінде ең қолайлысы радио болып табылады. Оны кез келген жерде, жұмыс барысында тыңдап жүре аласың.

Радио адамдардың психикасына өте қатты әсер етеді. Есту арқылы адамның қиялы іске қосылады. Фантазиясы ойнап, күнделікті күйбің тіршілікті қалпына келтіріп, сана-сезімін ынталандырып, ойы мен эмоциясының жұмыс істеуіне арқау болады.

Радиодағы манипуляцияның рөлі: 1) трюждер- жалпыға белгілі ақиқат. Мәселен, темекі, алкоголь өнімдеріне қолданылады. Зиянын біле отырып, жарнаманың астарымен сананы көндіру әдісін қолданады; 2) қосымша дәлелдемелер (стоматологиялық зерттеу нәтижесінде), «ғалымдардың айтуы бойынша»); 3) авторитеттерді қолдану (әнші, актер, атактыларды); 4) мәлімдеменің ақпараттық блокта орналасуы (басында немесе аяғында); 5) тыңдаушылардың бағалауын білу үшін тондарды болжау; 6) айтылып жатқан ақпаратқа қатысты оңай қабылданатын сөздерді қолдану; 7) тыңдаушыға әсер ету үшін жоғары темпті және нақты дауыс, дұрыс интонация; 8) бағдарламаға сәйкес жағымды музыка таңдау.

Радиода манипуляция жаңалықтар мен жарнамада кеңінен қолданылады.

Интернет.

Интернеттің маңыздылығы туралы мына еңбектерден көруге болады. Олар А.А. Гарматиннің «Интернет-вещание в системе СМИ: особенности и принципы функционирование» [8] және В. Зяблованың «Интернет- новое СМИ» [9] деп аталады. Тоқтала кетсек: 1) интернет арқылы хабар тарату әлемнің кез келген жерінен жүргізіледі; 2) интернетте өсу қоры негізге алынады, яғни бір ғана БАҚ мультимедиялық мүмкіндікке ие; 3) интернет арналар мен сайттардың көлемінде шек жоқ; 4) шексіз архивтелген ақпарат қоры; 5) интербелсенділік, бір сұрақ төңірегінде бірнеше пікір табу.

Осындай мүмкіндіктердің арқасында интернет манипуляция технологиясынан тыс қалмақ емес. 1) Жалған дерек. Мәселен, сайлау алдындағы күрес кезінде дайындалынған ақпаратты «қара» сайтқа жүктеп, оны әрі қарай телеарналар мен радио тораптары іліп кетеді. Одан әрі қарай басқа да БАҚ-ты саяси арандатушылықты тудыратын ақпаратты кеңінен

таратуға кіріседі; 2) алып-қашпа әңгімелерді қолдану; 3) сенсациялық жаңалықтарға сілтеме жасап, қызықтыратындай тақырыптың болуы; 4) суретке мысқылды комментарийлер жазып, түрлі сайттарға жіберу.

Телеарна. Манипуляциялау әдісінің ең ауқымды технологиясы – телеарна. Телеарнаның әсер ету деңгейі – 90%. В. В. Ворошилов «Журналистика» [7] оқулығында былайша тоқталып өткен: 1) телеарна көру мен естуге бірдей әсер етеді; 2) басқа БАҚ-тар әсер ете алмаған топты телеарнаның қамтуы мүмкін; 3) дыбыс арқылы қимыл-қозғалысты көрсете алады; 4) ақпаратты беруде даралық ой қалыптастырады (көрермен көріп отырған бағдарламасын миллиондаған адам көріп отырғанын білсе де, өзіне ғана арналғандай күй кешеді); 5) бағдарламаны жедел беруі, яғни аудиовизуалды қалыпта болған оқиғаны сол сәтте іс-әрекетімен таратуы, көрерменді оқиғаға қатысқандай күйде қалдырады. Бұл телеарнаның ақпаратына нақтылық, деректілік, шыншылдық береді; 6) ақпараттың қарапайым өңделуі, көрерменнің қабылдауын жеңілдетеді.

С.Г. Кара-Мурза [2] мен Дзялошинскийдің [5] еңбектеріндегі манипуляциядан қорғану тәсілдерін саралап өтсек, бізге манипуляцияға ұшырау қаупімізді алдын алуға болады деуге болады.

1. Байланысты шектеу. Манипулятормен байланыс аясында шектеулі мөлшерде болу. Манипулятордың ток шоу, реалти шоу, жаңалықтарынан барынша қорғану.

2. Басып алудан қашу. Манипуляцияның маңызды сәттерінің бірі – аудиторияны басып алу. Манипуляция бағдарламасында шапшаңдық өте маңызды. Сол үшін сенсациялау мен жылдамдыққа баса назар аударылады. Басып алу жүзеге аспай тұрып, оған қарама-қарсы тұруға болады. Ол үшін байланысты үзу немесе уақытша кету секілді тәсілдер тиімдірек. Егер телеарна немесе саясаткерлер психикаға әсер етіп жатса, ол жағдайдан уақытша шығып, өз өзінді басып, ойланып барып қайта оралуға болады.

3. Шуды електен өткізу. Манипуляциялауға «демократиялық шу» өте қолайлы. Адамға мағынасыз әрі көп ақпаратты оқша боратқан кезде, көзқарасын анықтап алатын мәселесіне ден қоя алмайды. Ол содан БАҚ-та баян етілген ақпаратқа сүйене салады. «Контрабандалық» идеология жасырынған ақпаратты ой сүзгісінен

өткізіп, шу туғызуға негіз болған мәселені ойлану барысында қарау керек. Қолайлысы бір уақытқа ақпараттар ағымынан шығып, ой жүгірту.

4. Болжамсыздық. Манипулятордың басып алуы мен ықпалынан құтылу үшін жасанды болжамсыздық керек. Яғни ақпараттың шығуын, оның өңделуін, ойша пайымдалуын, әсер ету қарқынын, пікірлер түрлерін білу.

5. Эмоция білдірмеу. Манипулятордың қолданатын стереотиптерінің бірі – эмоционалды бояушылық. Идеологияның қандай да бір сана-сезімге әсер етіп жатқанын байқаған бойда, уақытша сол ойды ақылмен басу керек. Ақпаратты салқын қандылықпен қабылдап, оңашада ойланған абзал.

6. Диалогты ойлану. Манипуляторлар адамды ой тұтынушысы етіп қояды көздейді. Егер ашық диалогтан тысқары еткен болса, сұраусыз ешқандай мақұлдауды қабылдамай оймен диалог құру тиімдірек.

7. Альтернатив орнату. Манипулятор диалогты бөле отырып, өзіне тиімді шешімдерді баламасыз етіп көрсетеді. Ондай болмаған жағдайда, адамдарда сұрақ пен күдік көбейіп кетеді. Өзіне шынайы баламаларды тізе отырып, манипуляцияны қиып өтуге болады.

8. Дұрыс ақыл-ой. Қызбалықпен айтылған сөздерді, әдемі фразаларды естімегендей болып, тек дәлелге жүгінген дұрыс. Одан кейін ғана оның растығына көз жеткізіп, оратор айтып отырған мәселенің шынымен шешімі бола алатынына сәйкестігін қарастыру.

9. Есте сақтау қабілетін іске қосу – болашақтың кескіні. Есте сақтау мен алдын ала болжау – манипуляциядан қорғану тәсілінің негізі. Сол себептен де манипулятордың көздеген нысаны болып саналады.

10. Тілді ауыстыру. Басты қорғану тәсілдерінің бірі тілден бас тарту. Яғни манипулятордың көтеріп отырған мәселесіндегі ортақ тіл. Оның тілін, терминологиясын және терминдерін қабылдауға болмайды. Сол айтылған мәселені, өз тілінде, түсінікті етіп жеткізуге болады.

БАҚ-тың көптігі дара мінезділікке, қайраткерлік пен саналылыққа апарып, теледидарды көру немесе көрмеу, көрген жағдайда қандай арна немесе бағдарламаны, баспасөздерді оқу не оқымау, радио тораптарын тыңдау не тыңдамау құқығын береді. Бірақ біздің көзқарасымызда ғана жағдай осындай, бұл тек бұлдыр елес, адамда таңдау жоқ. Көпшілік қауым уақыт тәртібіне

бекінген бағдарламаларды, телеарналарды көреді. Олар көпшіліктің таңдалып алынған журнал мен газеттерін оқып, радио және ақпараттық жаңалықтарды тыңдайды.

Тек БАҚ және бұқаралық коммуникация ғана тұлғаны жалпылама арандатушылыққа, көзқарасты бір үлгіге салуға, адамдардың жүріс-тұрысын біркелкілікке үйретеді.

Бірде Уинстон Черчилль: «Кім ақпаратпен иеленсе, сол әлемді иеленеді» деп айтқан екен. [8]

Қазіргі таңда БАҚ-ты бақылап отырғандар ғана адамдардың көзқарасына белсенді түрде әсер етіп, іс-әрекеті мен қоғамдағы орнына билік жүргізе алады деп нық сеніммен айтуға болады.

#### Әдебиеттер

- 1 Википедия сайты. [www.wikipedia.org](http://www.wikipedia.org)
- 2 Кара-Мурза С. Г. Манипуляция сознанием. – М.: ЭКСМО, 2006.
- 3 Доценко Е.Л. Психология манипуляции: феномены, механизмы и защита. – М.: Речь, 2003.
- 4 Белояр А. Толковый словарь демократического новояза и эвфемизмов. [www.politike.ru](http://www.politike.ru)
- 5 Дзялошинский И.М. Манипулятивные технологии в СМИ. – М.: 2006.
- 6 [www.brandmedia.ru](http://www.brandmedia.ru)
- 7 Журналистика. – Учебник. 2-е издание. – СПб.: Михайлова В.А., 2000.
- 8 Конюхова Т.В. Влияние СМИ на массовое сознание информационном обществе. ТПУ, Томск. Фундаментальные исследования № 3 2005

#### References

- 1 Wikipedia. [www.wikipedia.org](http://www.wikipedia.org)
- 2 S. G. Kara- Murza . manipuliatsia soznaniem. – М.: EKSMO, 2006
- 3 Dotsenko E. L. psixologia manipuliatsii: fenonemy, mexanizmy I zashchita. – М .: Rech`, 2003.
- 4 A. Beloiar . Tolkovyi slovar` demokraticheskogo novoiaza I evfemizmov. . [www.politike.ru](http://www.politike.ru)
- 5 I . M. Dzialoshinskii. Manipulativnye tehnologii v SMI. – М.: 2006.
- 6 [www.brandmedia.ru](http://www.brandmedia.ru)
- 7 Jurnalistika. – Uchebnik. 2-e izdanie. – SPb.: Mikhailova V. A., 2000
- 8 Konuykhova T. V. Vlianie SMI na massovoe soznanie informatsionnom obshchestve. TPU, Tomsk. Fundamental'nye issledovania. – № 3 2005